

«Күншуақ» кіші тобының ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Қазан айы 2020 жыл

Өтпелі тақырып: «Қош келдің, Алтын күз»

Мақсаты: Күз мезгілі туралы түсініктерін қалыптастыру. Жыл мезгілдерін ажырата біліп, ерекшеліктерін атауға үйрету.

Білім беру саласы	Денсаулық Дене шынықтыру - 3	Коммуникация Сөйлеуді дамыту- 0,5 Көркем әдебиет - 0,5	Таным Сенсорика- 0,5 Құрастыру -- 0,5 Жаратылыстану- 1	Шығармашылық Сурет салу- 1 Жапсыру- 0,25 Мүсіндеу -0,25 Музыка -1,5	Әлеумет
Жасы	2 жас				
Оқу мақсаты Үлгілік оқу бағдарламасы	Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып дене дағдылары мен қимыл қозғалыс түрлерін қалыптастырады.	Тілдік қарым-қатынас дағдыларын, сөздік қорларын, әдеби шығармаға деген қызығушылықтарын арттырады.	Балалардың танымдық қабілеттері дамып, ой-өрістері кеңінен қалыптасты.	Шығармашылық қабілеттері дамып, эстетикалық қабылдаулары жақсы қалыптаса түсті.	
I АПТА	Денешынықтыру 1.Тақырыбы: Ұзындықта жүру түрлері Мақсаты: Ұзындығы 2,5-2 м, ені 25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста) тақтай бойымен жүру арқылы жіптен немесе таяқтан аттап өтті 2 аяқты бір мезгілде екпінді серпіліс жасай, жартылай бүгілген аяқпен түсе білді 2.Тақырыбы: Жылан ізбен еңбектеу Мақсаты: Кедергілі	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Анама көмектесемін (сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты: Балалар берілген сұрақтарға жауап бере отырып, көргендерін сипаттауға, сөздерді дұрыс айтуға үйренеді	Сенсорика Тақырыбы: Терезелі үй Мақсаты: балалар дайын үлгі бетіне сары түсті 2 түрлі көлемдегі шаршыларды орналастыра біледі. Ересектердің көмегімен бір текті заттарды ортақ белгісі бойынша топтастырға біледі. Жаратылыстану Тақырыбы: Менің бақшамдағы көкөністер мен жемістер Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырата біледі.	Сурет салу Тақырыбы: Әжемнің жіптері (үш түсті бояумен) Мақсаты: Тұйықталаған (ирек) сызықтарды жүргізу арқылы фломастерді немесе майлы қарындашты пайдалана отырып сурет сала алады. Мүсіндеу Тақырыбы: Қонжыққа арналған жидектер Мақсаты: Бүлдіршіндер кішкене домалақ заттарды	

	жазықтың бетімен, еңіс тақтайдың үстімен арқылы "Жылан ізбен"еңбектеу кезінде кедергі заттарды соғып кетпей еңбектеді 3.Тақырыбы:Төрттағанда п жүру Мақсаты: Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеді Тоқтап және тапсырманы орындай жүгірді (орындықта тепе-теңдікті сақтап тұру), белгі бойынша тоқтай білді.		Балалар жеміс ағаштарын қорғап, оларға қамқор бола алады. Балалар бау-бақша өнімдерін атай алады. (Қияр, қызанақ, алма, алмұрт)	мүсіндей біледі. Жеміс түрлерін ажыратады. Музыка «Жомарт күз» 1.Музыкалық шығарманың мазмұнын түсініп көңіл күйін білдіреді. Әннің бөліктерін ересектермен бірге қосылып айтады. 2. Ырғақты би қимылдарын мазмұнына қарай шеңберде тұрып орындайды. Әннің сөздерімен буындарын айтып , ересектермен бірге қайталайды	
2 АПТА	Денешынықтыру 1.Тақырыбы: Биіктікте	Көркем әдебиет Тақырыбы: Жаксы деген	Құрастыру Тақырыбы: Екі жол	Сурет салу Тақырыбы: Көше шамдары	

	шығу Мақсаты: заттарға шығу (гимнастикалық орындыққа, жұмсақ модульге және тағы басқа), тұру арқылы шектеулі алаңда статистикалық тепе-теңдікті сақтай біледі 2. Тақырыбы: Ұсақ заттар арасымен жүгіру Мақсаты: Бірқалыпты жүгіру арқылы ш ашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша 2 м қашықтыққа алға жылжи отырып, қос аяқпен секірді. 3. Тақырыбы: Доп ұстау түрлері Мақсаты: Допты екі қолмен кеуде тұсынан қолдарын екпінді қимылмен жаза лақтырды. допты кеудеде дұрыс ұстай білді қос аяқпен екпінді серпіле білуді, алға секіру кезінде жартылай бүгілген аяқпен бір мезгілде жерге түсу, жаттығуды орындау сәтінде дұрыс тыныс алды.	немене, жаман деген немене мультфильмін көру. Мақсаты: Балалар жақсы мен жаманды ажырата біледі. Жақсы жаман туралы мақал-мәтел, көрініс арқылы балалар бір-біріне жақсылық жасап, жақсы тілек айта алады. балаларға әрбір істің жақсы, жаман жағы болатынын түсіне алады	Мақсаты: Балалар құрылыс материалдарынан (текшелер) кеңістікте жалпақ және жіңішке жол құрастыра біледі. Жаратылыстану Тақырыбы: Ауламдағы шалғынды шөп Мақсаты: Шалғын өсімдіктері мен жануарлары, олардың ерекшеліктері мен тіршілігін ажыратады. Шөптердің түсін атай алады, ажырата біледі.	Мақсаты Қарындашты үш саусағымен дұрыс ұстай отырып, ирек сызықтар салу дағдысын біледі. Жапсыру Тақырыбы: «Ауладағы шамдар» Мақсаты: Қызыл, сары, көк түсті дөңгелек пішіндерді түзу сызық бойына желіммен орналастыра біледі. Музыка «Күзгі жемістер» 1. Ән айтып тұрып, әннің сөзіне байланысты ырғақтық-қимылдарды нақтылы көрсете біледі. Есептердің көрсеткен қимылдарын (шапалақтайды, аяқтарымен топылдатады) қайталайды.	
3 АПТА	Денешынықтыру	Сөйлеуді дамыту	Сенсорика	Сурет салу	

	1. Тақырыбы: Шектеулі алаңда доппен ойнау Мақсаты:Шектеулі алаңда алақанмен тізеге тіреле,тура бағытта еңбектеп жүрді допты кеуде тұсынан 2 қолмен лақтыруды жаттықтыру,артынша қолды түзете білді 2. Тақырыбы: Шектеулі алаңда жүру түрлері Мақсаты:Тепе-теңдікті сақтай отырып,тура бағытта жіп бойымен жүру арқылы шектеулі алаң бойынша алақан мен тізеге сүйене отырып еңбектеді 3. Тақырыбы: Зигзаг тәрізді қойылған жіппен жүру Мақсаты:Зигзаг тәрізді қойылған жіп бойымен жүруді орындауға, динамикалық тепе-теңдікті сақтай білу арқылы арқанды дұрыс ұстай білді	Тақырыбы: Мен тәртіпті баламын (өлең) Өтебай Тұрманжанов Мақсаты: балалар өлеңнің мазмұнын тыңдап, тәрбиеші айтқан дыбыстарды анық айтуға дағдылынады.	Тақырыбы: Пазлдардан үй затының суретін құрастыру Мақсаты: екі бөлікті пазылдан заттың бейнесін құрастыра алады. (үтік, тоқ көзі, бағдаршам) Геометриялық пішіндерді атайды ересектердің көмегімен оларды салыстырады Жаратылыстану Тақырыбы: Абайла, балақай! Мақсаты: Жол белгілерін айыра біледі жолда жүру тәртібін сақтай алады. Жаяу мен көліктің байланыс қатынасын ажыратады. Бағдаршам жарық көзіне талдау жасай алады. балалар көшедегі қауіпсіздік туралы айта біледі	Тақырыбы: ауладағы ұзын, қысқа жолдар Мақсаты: Оңнан солға қарай түзу сызықтар сызуды жалғастырып, қарындашпен жұмыс істей біледі. Музыка «Тәтті алма» 1. Музыкалық шығарманың ырғағын, оның жәй немесе тез орындалып тұрғанын ажыратады. Әннің жинақы, көңілді сипатын ажыратады. 2. Әнді күш түсірмей ересектермен қосылып орындайды. Музыкалықойындардакейіпкерлер мен олардыңмузыкалықсипатынберіледі.	
4 АПТА	Денешынықтыру	Көркем әдебиет	Құрастыру	Сурет салу	

	1. Тақырыбы: Ұзындыққа секіру Мақсаты: Бір орында тұрып, ұзындыққа секіруді үйрету, бір мезгілде екі аяқпен серпіле біледі шеңбер бойы жүгіру жаттығуын, арқанды ұстап, басқа балалармен жүгіру қарқыны мен кадам ырғағын үйлестірді 2. Тақырыбы: Допты дұрыс лақтыру Мақсаты: Допты екі қолмен желке тұсынан лақтыру арқылы доптың ұшуына дұрыс траектория беру, қолдарын екпінді қимылмен жаза біледі 3. Тақырыбы: Ирелендеп шектеулі алаңда жүру Мақсаты: Ирелең жолда жүру арқылы шектелген алаңмен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау, үш доғаның астында біртіндеп төрт тағандап еңбектеп жүрді	Тақырыбы: Алтын дән өлең. К.Ахметова Мақсаты: Тақпақтың мазмұнын түсіне алады. Нақыл сөздерді қолдана біледі. алтын дәннің нәтижесі – нан, оны қадірлей алады.	Тақырыбы: Үй Мақсаты: Балалар үлгі бойынша кірпіштерден (текшелерден) үй құрастыра біледі. Жаратылыстану Тақырыбы: Қоңыр күз келді аулама Мақсаты Табиғаттың сұлулығын түсініп, табиғат аясындағы қарапайым мінез – құлық ережелерін біледі. Күз мезгілімен-табиғаттағы маусымдық өзгерістерін (бұлтты, суық) ажырата біледі	Тақырыбы: Жау-жау , жаңбыр (дайын үлгідегі бұлттың астына) Мақсаты: Тік сызықтарды қағаз бетіндегі кеңістікте дұрыс пайдалана біледі. Мүсіндеу Тақырыбы: Қонжыққа арналған жидектер Мақсаты: Бүлдіршіндерге кішкене домалақ заттарды мүсіндеуге үйренді. Музыка «Әй-әй ата» 1. Халық әуенін тыңдап , сипатын ажыратады. Өнді музыкалық сүйемелдеумен бір қарқында орындайды. Ырғақты дұрыс жеткізе біледі.	
--	---	---	---	---	--